

**К. Қабдолдина** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com

## **МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ: XIX ҒАСЫР СОҢЫНДАҒЫ РУХАНИ ТӘЖІРИБЕ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕ**

Мақала XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы қажылық феноменін тарихи-әлеуметтік және рухани тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты қажылық институтының қазақ қоғамындағы мәнін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасы негізінде кешенді зерделеу. Осыған сәйкес қажылық қазақ қоғамында тек діни парыз немесе рәсім ретінде ғана емес, әлеуметтік мәртебе мен рухани капитал қалыптастыратын, қоғамдық бедел мен легитимацияны айқындайтын феномен болды деген ғылыми болжам ұсынылады.

Зерттеу деректік тұрғыдан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының поэзиялық және прозалық мәтіндеріне, сондай-ақ Ресей империясының мұсылмандардың қажылық сапарларын реттеуге қатысты әкімшілік құжаттарына сүйенеді. Әдіснамалық негізін тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалы тәсілдер, сапалық контент-талдау мен мәтіндік интерпретация әдістері құрайды. Архивтік материалдар әдеби мәтіндермен салыстыра қарастырылып, империялық әкімшілік дискурс пен жергілікті мұсылмандық қабылдаудың айырмашылықтары айқындалды.

Ақын шығармаларындағы қажылық бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы «қазақы мұсылмандық» үлгісінің ерекшеліктері, діни формализмге сын, рухани кемелдену идеясы және әлеуметтік элитаның жауапкершілігі мәселелері ашылады. Қажылық Мәшһүр Жүсіп танымында адамның ішкі тазаруы мен қоғамдық беделін айқындайтын моральдық өлшем ретінде сипатталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қажылық феноменін тек әкімшілік-архивтік деректер шеңберінде емес, поэзиялық мәтіндер негізінде қазақ қоғамының ішкі рухани логикасы мен әлеуметтік құрылымын айқындайтын тарихи дереккөз ретінде қарастыруында. Мақала XIX ғасыр соңындағы қазақ даласындағы діни сана мен әлеуметтік трансформацияны жаңа қырынан түсіндіруге үлес қосады.

**Түйін сөздер:** қажылық, М. Көпейұлы, Ресей империясы, қазақ қоғамы, қазақ байлары.

K. Kabdoldina

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com

### **Hajj in the poetry of Mashhur Zhusup Kopeyev: spiritual experience and social image of the late nineteenth century**

This article offers a historical, social, and spiritual analysis of the phenomenon of the Hajj in Kazakh society at the end of the nineteenth and the beginning of the twentieth century. The primary objective of the study is to provide a comprehensive examination of the significance of the Hajj institution in Kazakh society based on the legacy of Mashhur Zhusup Kopeyev. The study advances the hypothesis that the Hajj functioned not merely as a religious obligation or ritual practice, but as a social phenomenon that generated social status and spiritual capital, shaping public authority and processes of legitimation.

The source base of the research consists of Mashhur Zhusup's poetic and prose texts, as well as administrative documents of the Russian Empire regulating Muslim pilgrimage. Methodologically, the study employs historical-genetic and historical-comparative approaches, alongside qualitative content analysis and textual interpretation. Archival materials are examined in conjunction with literary texts, enabling the identification of divergences between imperial administrative discourse and local Muslim perceptions of pilgrimage.

Through the analysis of the representation of the Hajj in the poet's works, the article reveals the distinctive features of a «Kazakh model of Islam», including a critique of religious formalism, the idea of spiritual perfection, and the question of social responsibility among the elite. In Mashhur Zhusup's worldview, the Hajj appears as a moral criterion that signifies both inner purification and publicly recognized authority.

The study's scholarly contribution lies in approaching the Hajj not solely through administrative-archival documentation, but also as a historical source embedded in poetic texts that illuminate the

internal spiritual logic and social structure of Kazakh society. The article contributes to a reassessment of religious consciousness and social transformation in the Kazakh steppe at the turn of the twentieth century.

**Keywords:** hajj, Mashhur Zhusup Kopeyuly, Russian Empire, Kazakh society, Kazakh elites.

К. Кабдолдина

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан  
e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com

### **Хадж в поэзии Машхура Жусупа Копеева: духовный опыт и социальный образ конца XIX века**

Статья посвящена историко-социальному и духовному анализу феномена хаджа в казахском обществе конца XIX – начала XX века. Основная цель исследования – комплексное осмысление значения института хаджа в казахском социуме на основе наследия Машхур Жусуп Копейулы. В соответствии с поставленной целью выдвигается научная гипотеза о том, что хадж в казахском обществе функционировал не только как религиозная обязанность или обряд, но и как феномен, формирующий социальный статус и духовный капитал, определяющий общественный авторитет и легитимацию.

Источниковую базу исследования составляют поэтические и прозаические тексты Машхур Жусуп Копейулы, а также административные документы Российской империи, регулирующие хадж мусульманского населения. Методологическую основу работы образуют историко-генетический и историко-сравнительный подходы, методы качественного контент-анализа и текстуальной интерпретации. Архивные материалы рассматриваются в сопоставлении с литературными текстами, что позволило выявить различия между имперским административным дискурсом и локальным мусульманским восприятием хаджа.

Через анализ образа хаджа в произведениях поэта раскрываются особенности «казахской модели мусульманства», критика религиозного формализма, идея духовного совершенствования и проблема социальной ответственности элиты. В мировоззрении Машхур Жусупа хадж предстает как нравственный критерий, определяющий внутреннее очищение личности и её общественный авторитет.

Научная новизна исследования заключается в рассмотрении феномена хаджа не только в рамках административно-архивных источников, но и как исторического источника, позволяющего через поэтические тексты раскрыть внутреннюю духовную логику и социальную структуру казахского общества. Статья вносит вклад в переосмысление религиозного сознания и социальных трансформаций казахской степи конца XIX века.

**Ключевые слова:** хадж, М. Копейулы, Российская империя, казахское общество, казахские баи.

### **Кіріспе**

XIX ғасырдың соңында қазақ даласында дін мен қоғам арасындағы қатынас жаңа сипат ала бастады. Ресей империясының әкімшілік-бюрократиялық құрылымдары ислам дініне қатысты саясатты орталықтандыру және бақылау тетіктерін күшейтуге бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асырды. Осы үдеріс аясында «указной» молдалар институты мен ресми медреселер жүйесі енгізіліп, діни қызмет мемлекеттік қадағалауға алынды (указ №16710, 1832). Нәтижесінде исламның ішкі рухани тәжірибесіне, сопылық мазмұнына және халықтық діни түсініктерге негізделген құндылықтар екінші қатарға ығыстырылып, формализм мен сыртқы діни рәсімдерге басымдық берілді.

Аталған өзгерістер қазақ қоғамында қажылықтың мәнін қайта пайымдауға алып келді.

Қажылық бір жағынан ресми діни құрылымдардан тыс жүзеге асатын рухани акт ретінде қабылданса, екінші жағынан отарлық ассиляцияға қарсы ішкі символдық қарсылық формасына айналды. Дегенмен қазақ даласындағы қажылықтың халықтық қабылдануы, оның әлеуметтік бедел, рухани мәртебе және қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны арнайы ғылыми талдаудың нысанына толық айнала қойған жоқ.

Қажылық феноменін әлеуметтік мәртебе қалыптастыратын институт ретінде түсіндіруде зерттеу П. Бурдьё ұсынған символдық капитал теориясына сүйенеді (Bourdieu P, 2011). Бурдьё капиталды тек экономикалық ресурс ретінде емес, қоғам тарапынан мойындалған бедел, абырой және танылу формасында көрінетін символдық ресурс ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ қоғамындағы «қажы» мәртебесі

діни тәжірибенің әлеуметтік капиталға айналу механизмін көрсетеді.

Сонымен қатар қоғамдық мойындалу және беделдің заңдылық сипат алуы Макс Вебер негіздеген легитимділік концепциясымен сабақтастырылады (Weber M, 1978). Вебердің пайымдауынша, легитимділік белгілі бір мәртебенің немесе беделдің қоғам тарапынан заңды әрі орынды деп танылуы. Қазақ қоғамында қажылықтан кейін қалыптасатын моральдық бедел осы әлеуметтік легитимация үдерісінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Қажылыққа қатысты деректер негізінен архив қорларында сақталған Ресей империясының әкімшілік-іс жүргізу құжаттарынан тұрады. Онда қажылық сапарларын тіркеу, рұқсат қағаздарын беру, бақылау және реттеу үдерістері көрініс табады (ҚР ОММ, Ф.64, Оп.1, К.1, Д.1006). Бұл деректер империя билігінің көзқарасын айқын көрсеткенімен, қазақ қауымының қажылыққа деген ішкі қатынасын, оның рухани және әлеуметтік мәнін толық ашып бере алмайды.

Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті авторлардың шығармалары, әсіресе Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы маңызды дереккөз ретінде ерекшеленеді. Ақын шығармаларында көптеген қажылардың есімдері, олардың шыққан ортасы, руы, жасы және кейбірінің бәдәл арқылы қажылық жасағаны жайлы мәліметтер беріледі. Мұндай деректер архив құжаттарында кездесе бермейтін халықтық тізімдер мен ауызша дәстүрдің жазба нұсқасы іспетті. Архив материалдары көбіне формалды сипатта болса, Көпейұлы мәтіндері қажылардың ниетін, мінез-кұлқын, рухани тәжірибесін және сапардан кейінгі қоғамдағы орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ерекшелігі қажылық феноменін тек тарихи дерек немесе діни рәсім ретінде ғана емес, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы бейнелеу тәсілдері арқылы XIX ғасыр соңындағы рухани тәжірибе мен әлеуметтік қатынастардың көрінісі ретінде қарастыруында. Ақын поэзиясындағы қажылық бейнесі діни сапардың символдық мағынасын, рухани кемелдену идеясын және қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебені қалыптастыру тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері XIX ғасырдың соңындағы қазақ даласындағы діни сана, рухани қарсылық және әлеуметтік қатынастарды түсінуге жаңа теориялық және методологиялық қырынан үлес қосады.

## Әдебиеттерге шолу

Қазақ қоғамындағы қажылықтың тарихи және рухани мәнін зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері маңызды ғылыми негіз қалыптастырды. Бұл мәселе дінтану, тарих, этнология және әдебиеттану салаларында жан-жақты қарастырылып келеді. Алайда қазақ қажылығының рухани тәжірибе ретіндегі бейнесін, әсіресе оны әдеби мәтіндер арқылы, нақтырақ айтқанда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясы негізінде талдауға арналған арнайы зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы тұрғыдан алғанда, қажылық феноменін Мәшһүр Жүсіп шығармалары арқылы қарастыру ғылыми жаңалыққа ие өзекті мәселе болып табылады.

Кеңестік кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын ақын-ағартушы ретіндегі шығармашылығына деген көзқарас біркелкі болған жоқ. Алғашқы зерттеулерде ол З. Ақышев, М. Әуезов (Әуезов, 1961), Д. Ә. Қоңыратбаев (Қоңыратбаев, 1959), және басқа да ғалымдардың сын-зерттеулерінде ақын, ағартушы, тарихшы әрі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы ретінде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті де беделді өкілдерінің бірі ретінде жоғары бағаланды.

Алайда кеңестік идеологияның күшеюіне байланысты Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы біржақты бағаланып, М. Ғабдуллин (Ғабдуллин, 1953), Б. Кенжебаев (Кенжебаев, 1976), тарапынан таптық тұрғыдан сынға ұшырады. Бұл кезеңде ақынның діни-философиялық көзқарастары мен ағартушылық идеялары кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін құбылыс ретінде қарастырылып, оның шығармашылығына шектеулі әрі саясиленген баға берілді.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасы жаңаша ғылыми тұрғыдан қайта қарастырылып, мәшһүртану бағытындағы зерттеулер жүйелі түрде қолға алына бастады. Осы кезеңде әртүрлі ғылым салаларында кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып, ойшылдың шығармашылығына арналған іргелі ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәшһүр Жүсіп мұрасы М. Алпысбес (Алпысбес, 2004) және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде әдеби, тілдік, тарихи, философиялық, психологиялық және журналистикалық қырларынан жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар А.Д. Шағырбаевтың жеке монографиясы да, ойшылдың рухани-философиялық мұрасын кешенді түрде зерделеуге үлес қосты (Шағырбаев, 2018).

Шетелдік зерттеуші Аллен Дж. Фрэнктың Орта жүз қазақ қоғамының діни-интеллектуалдық құрылымына арналған зерттеуі де мақала үшін әдіснамалық әрі теориялық тұрғыдан маңызды. Аталған еңбекте Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы тұлғасы сопы, ғұлама және ишандық қызметтерді бір арнада тоғыстырған діни ойшыл ретінде қарастырылып, оның көзқарастары арқылы қазақ қоғамындағы исламдық білім мен рухани тәжірибенің синкретті сипаты айқындалады. Фрэнк ұсынған тұжырымдар Мәшһүр Жүсіп мұрасын тек әдеби немесе фольклорлық қырынан емес, қазақ даласына тән «қазақы мұсылмандық» үлгінің қалыптасуындағы діни-интеллектуалдық феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Frank, 2013).

Қазіргі отандық зерттеулерде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ қоғамындағы дәстүрлі діни-интеллектуалдық элитаның көрнекті өкілі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, Н. Нұртазина, Е. Қартабаева және М. Дауытбекованың еңбектерінде Мәшһүр Жүсіп тұлғасы ишанизм мен сопылық дәстүр аясында зерделеніп, оның діни қызметі мен рухани беделі тарихи-мәдени контексте айқындалады (Нуртазина, et. at., 2025). Зерттеушілердің пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіптің Бұхара медреселерінде алған классикалық діни білімі мен нақшбандийа тариқатымен рухани сабақтастығы оның ишандық болмысының негізін құрайды. Бұл сабақтастық ақынның шығармаларында көрініс тапқан сопылық ұғымдармен, діни-этикалық тұжырымдармен және халық жадында сақталған сакралды хикаялармен дәлелденеді.

Ғ.З. Исакова мен Э.Т. Телеуованың жүргізген зерттеулері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын қазақ қоғамының рухани-әлеуметтік болмысын танудың маңызды орын алады. Авторлар Мәшһүр Жүсіп мұрасын әдеби немесе фольклорлық феномен шеңберінде ғана емес, дәстүрлі қазақ қоғамындағы діни дүниетаным, қоғамдық ой және рухани элитаның қалыптасу үдерістерімен тығыз байланыста талдайды (Исакова & Телеуова, 2025).

Бұл зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері арқылы қазақ қоғамындағы «қазақы мұсылмандық» моделінің ерекшеліктері, исламдық құндылықтардың жергілікті әлеуметтік құрылыммен өзара ықпалдасуы және діни-интеллектуалдық дәстүрдің сабақтастығы айқындалады. Аталған тәсіл біздің зерттеуімізбен әдіснамалық тұрғыдан үндес келеді, себебі мақалада Мәшһүр Жүсіптің діни көзқарастары қоғамдық

ойдың тарихи қалыптасу контексінде қарастырылады.

Ойшыл-ақынның мұрасын игеруде оның ұрпақтарының еңбегін ерекше атап өткен жөн. Әсіресе, филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері (Мәшһүр, 2001) мен Гүлназ Жүсіпованың мәшһүртануға арналған арнайы ғылыми зерттеулері бұл саладағы маңызды жұмыстардың қатарын құрайды.

М. Ж. Көпейұлына арналған аталған еңбектер оның, өмірі мен сопылық дүниетанымы, тарихи – этнографиялық мұрасы жан-жақты талданса да, поэзиясындағы қажылық бейнесі жеке дербес зерттеу нысаны ретінде жүйелі түрде қарастырылмаған. Ал қажылық Мәшһүр Жүсіп шығармаларында тек діни парыз ретінде емес, рухани кемелдену, әлеуметтік бедел, діни легитимация және қоғамдық байланыстарды айқындайтын маңызды феномен ретінде көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған мақала Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы қажылық бейнесін тарихи-діни және әлеуметтік контексте қарастырып, қазақ қоғамындағы қажылықтың әлеуметтік маңызын айқындауға бағытталады. Бұл зерттеу қазақы мұсылмандық тәжірибенің ішкі логикасын ашып, XIX ғасыр соңындағы қазақ қоғамының рухани тарихын тереңірек түсіндіреді.

### Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік негізін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының поэзиялық және прозалық мәтіндері (Көпеев, 2013), сондай-ақ Ресей империясының мұсылмандарға қатысты әкімшілік-іс жүргізу құжаттары құрайды. Атап айтқанда, қажылық сапарларын тіркеу, рұқсат беру және бақылау мәселелеріне қатысты архив материалдары талданды (ҚР ОМА). Сонымен бірге отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері теориялық-әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу кешенді тарихи-әдеби талдау принципіне сүйенеді.

Біріншіден, тарихи-генетикалық әдіс арқылы қажылық ұғымының қазақ қоғамындағы эволюциясы, оның діни парыздан әлеуметтік институтқа дейінгі трансформациясы қарастырылды.

Екіншіден, тарихи-салыстырмалы әдіс архивтік әкімшілік құжаттар мен Мәшһүр Жүсіп мәтіндеріндегі деректерді өзара салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл империялық билік



көзқарасы мен қазақ қоғамының ішкі қабылдауы арасындағы айырмашылықтарды айқындауға жол ашты.

Үшіншіден, поэзиялық мәтіндерге сапалық контент-талдау және мәтіндік интерпретация әдістері қолданылды. Осы арқылы қажылыққа қатысты ұғымдар, символдар, әлеуметтік астарлар, авторлық бағалау және сопылық мазмұндағы образдар сараланды.

Сонымен қатар зерттеу әлеуметтік тарих және діни антропология бағыттарының теориялық ұстанымдарына сүйене отырып жүргізілді. Осылайша, зерттеудің методологиялық негізі тарихи деректерді, әдеби мәтінді және әлеуметтік интерпретацияны біріктіретін кешенді тәсілге сүйенеді. Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы танымындағы қажылықтың діни ғана емес, әлеуметтік-ұлттық мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

### Нәтижелер және талқылау

Қажылық туралы таным: халықтық сенім мен исламдық түсініктің тоғысуы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қажылық қазақтар арасында қоғамдық сананың маңызды құрамдас бөлігі болды. Бұл кезең Ресей империясының отаршылдық ықпалы күшейіп, діни құрылымда өзгерістер орын алған, сондай-ақ дала элитасының әлеуметтік және экономикалық рөлі өзгеріске ұшыраған терең трансформация дәуірі еді. Ресей империясының отарлық ықпалы күшейген тұста бұл құбылыс діни тәжірибемен қатар қоғамдық позицияны айқындайтын тетікке айналды.

Қазақ қоғамында қажылық туралы таным тек шариғаттағы міндетпен шектелмейді. Бұл ұғым халықтық діни санамен, дүниетаныммен тығыз байланыста болды. Ол бір жағынан мұсылманның «бес парызының» бірі ретінде қаралса, екінші жағынан қасиеттілікке, киелі сапарға теңелді. Ресей империясы дін саласына белсенді түрде араласпай тұрған кезеңде қажылық жеке адамның діни ерік-жігерін, тақуалығын білдіретін қасиетті құлшылық ретінде қабылданды. Меккеге барып, Құдайға құлшылық етіп келген адамдарды құрметпен «қажы» деп атады (Күдерінова, et. at., 2007). XIX ғасырдың соңында қазақ қоғамында бұндай атак, әлеуметтік мәртебенің маңызды бір белгісіне айнала бастаған тәрізді. Қажы атанғандар көбіне ауыл ішіндегі бейресми көшбасшылар қатарынан көрініп, олар кенес сұрап жүгінетін, дау-шарды шешуге және діни рәсімдерге қатысуға белсенді араласушы-

ларға айнала бастады. Ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан «дау болса, қажы жүрер қақ басында», «қаңтарсыз – қар, қажысыз – дауға жару» (Мәшһүр Жүсіп, 2013) деген жолдары да халық санасында қажының әлеуметтік-саяси рөлін айқын көрсетеді. Мұнда қажы тұлғасы тек діни парызын өтеген мұсылман ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы әділеттілік пен тәртіптің кепілі ретінде сипатталады. Қажылардың ел ішіндегі қызметі олардың мәртебесін күшейтіп, бейресми бедел иесі ретінде орнығуына ықпал етті. Осылайша, XIX ғасырдың соңындағы қазақ қоғамында қажылық мәртебесі діни құндылықтар мен қоғамдық өмірдің түйіскен тұсында тұрған ерекше әлеуметтік феноменге айналды.

Қазақ халқында мұсылмандықтың берік орнығуымен бірге, қажылық туралы түсініктер де ерте кезден қалыптасқан. Жазба деректердің аздығына қарамастан, бұл ұғымдар халық жырларында, аңыз-ертегілерінде, қисса-дастандарында көрініс тауып, елдің рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Қажылық бейнесі тек діни міндет ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани тазару, Жаратқанға шынайы берілу және қасиетті мекендермен рухани байланыс орнату нышаны ретінде қабылданды. Халық аңыздарында қажы атанған жандардың әділдігі, парасаты, ел ішіндегі беделі дәріптеліп, олардың сөзі мен ісі үлгі етілді. Г. Мұхтарова ақын-жыраулардың поэтикалық мұрасына талдау жасай отырып, көшпелі ортада ислам дәстүрлі дүниетанымға қайшы келмей, тәңірлік түсініктермен қатар өмір сүрді. Ішкі шынайылық пен рухани кемелдікке негізделген сопылық ілім мұндай синкретизмнің қалыптасуына ықпал ете отырып, нәтижесінде ізгі істер мен жақсы әрекеттердің өзі қазақ қоғамында қажылықпен теңестіріле алды деп көрсетті (Мухтарова, 2007).

Қазақ қоғамында исламдық сенімнің тереңдеуі тек діни тәжірибеден ғана емес, күнделікті өмір мен рухани мәдениеттің барлық қырынан көрініс берген. Соның айқын мысалы қажылықтың халық тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына және антропонимиялық жүйесіне әсері. Қасиетті сапарды құрметтеу нәтижесінде Мекебай, Қажы, Қажыбек, Қажыбай, Байтолда, Мәруа, Зәмзәгүл және т.б. сынды адамдардың есімдері енді (Нуртазина, 2013). Мұндай есімдер қасиетті жерлерді еске салып, қажылыққа рухани ортақтастықтың символы ретінде қызмет етті және дала қоғамының ислам өркениетінің басты орталықтарымен байланысын айқындады. Және де Ислам дінін-

дегі қасиетті мекендерге деген құрметтің көрінісі. Мекке, Мәдина сияқты қалалар мұсылмандар санасында Аллаға жақындықтың, рухани тазалықтың символына айналған, сондықтан баланың есіміне осы қалалармен байланысты элементтер қосу оның өміріне береке, имандылық әкеледі деген сенім болған. Осы тұрғыда, Ғылмани еңбегіндегі ерекше назар аударарлық эпизодтардың біріне назар аударсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Абылғазының баласына қойған есіміне байланысты мәселе. Ғылмани Абылғазы таңдаған «Абд ал-Бари» есімінің Мәшһүр тарапынан «Төртбай» деп өзгертілуін сынға алады (Ғылмани, 2015). Бұл оқиға екі ықпалды діни-рухани тұлғаның дүниетанымдық бағыттарын салыстыруға мүмкіндік береді. Ғылмани фикһке және шарифат нормаларына қатты мән беретін бағыттың өкілі болса, Мәшһүр Жүсіп сопылық-поэтикалық дәстүрді, халықтық рухани тәжірибені кеңінен қолданған әмбебап тұлға ретінде көреміз. Қазақ халқында сәбиге ат қою дәстүрі халықтың дүниетанымын, ырым-тыйымдарын, жақсы ниетін бейнелейді және балаға болашақта өмірлік бағыт, рухани қорғау береді деп сенілген. Бұл дәстүр ұжымдық жадыны сақтаудың да тәсілі ретінде қарастырсақ болады. Қажылыққа бару тек жеке адамның тәжірибесі емес, бүкіл қауым үшін маңызды оқиға. Сол себепті мұндай есімдер арқылы қауым өзінің діни тарихын, рухани бағыт-бағдарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген. Сонымен қатар, қазақ қоғамында діни беделдің тек шарифаттық біліммен ғана емес, рулық-әлеуметтік байланыстармен, жергілікті дәстүрлермен және рухани тәжірибемен ұштасып қалыптасқанын да дәлелдейді.

XIX ғасырдың соңына қарай мұсылман халықтарына қатысты саясаттың тереңдей түсуі, қазақ даласында да қажылық сапарға барушылар санын арттырды. Бұған бір жағынан қазақ халқының тығыз тарихи және мәдени байланыста болған Бұхара мен Самарқанд мұсылман орталықтарының жақындығы, екінші жағынан патша әкімшілігі тарапынан жүргізілген татар молдаларының қызметінің артуы да ықпал етті (Нуртазина, 2008). Дала өлкесінде де ислам институттары мен мұсылман білімінің дамуымен қажылық халық арасында, әсіресе көшпелі элита арасында кеңінен орын ала бастады. XIX ғасырдың аяғында империялық билік діни қажылық саласына белгілі бір саяси қызығушылық танытып, тіпті оны ретке келтіру үшін бірқатар нақты әрекеттер жасалады. Мұның себептерінің бірі, лейтенант В. И. Яровый-Равскийдің айтуынша,

«әдетте қажылықтан оралатындар, барлық жерде байқалғандай, Ресей үкіметінің мақсаттарына сәйкес келмейтін рух пен көңіл-күйде оралып, көптеген күдіктер тудырады» – деп көрсетеді (Литвинов, 2019). Ал, Меккеден діни парызын орындап келген мұсылмандар «қажы» атағына ие болғаннан кейін, халық арасында үлкен беделге ие болғаны анықталды. Себебі, олар рухани жаңару процесінен өтіп ғана қоймай, мұсылмандардың қасиетті жерлерінде болып келуі халық арасында оларға деген ерекше құрмет сезімін тудырды. Оған дәлел ретінде, М. Көпейұлының қажыларға арнау өлеңдерінен, жоқтау жырларынан да байқауымызға болады (Көпеев, 2013). Сондай – ақ, олардың аса зор сый-құрметке ие болғаны ел арасында сақталған, «қажыға амандасу», «қажының босағасына сәлем салу» тіптен оның ұрпақтарына дейін құрметтеу сынды жоралғылар орын алған. Тарихшы әрі исламтанушы Н. Нуртазина қажыларды туыстары мен жақындары аман-есен оралғанда қажыға мерекелік дастарханмен бірге, үлкен салтанатты кездесу ұйымдастырады. Қажыларды қазақтар бүкіл ауылмен қарсы алған (жақындары жүздеген шақырым жол жүріп, алдынан шыққан), қатты жылап, құшақтасып көрісетін болған. Қасиетті сапардан оралғандардың қолдарын сүйіп, қажылығының қабыл болуын тілеген. Ал, қажылық сапардан оралған адамдардың әрқайсысы қазақ даласында әлемдік діннің насихаттаушысына айналғандығын атап өтеді (Нуртазина, 2008). Мұндай жағдай қажылық сапардың қоғам санасында діни парызбен қатар, тәуекел мен рухани сынақ ретінде қабылданғанын да көрсетеді.

Осылайша, қажылық дәстүрлі қазақ қоғамында жеке адамның да, бүкіл қауымның да рухани өмірін қалыптастыратын маңызды құбылыс ретінде орнықты. XIX ғасырдың екінші жартысында ислам қазақ даласында тек діни жүйе ғана емес, әдет-ғұрыптармен, рулық этикамен және поэзиялық мәдениетпен тығыз байланысқан моральдық бағдардың да бір түрі болып қала берді. Қазақ халқының елеулі бөлігі үшін ислам діни мектептер тұрғысынан жүйелі зерттелмегенімен, ол күнделікті тәжірибе арқылы әділдікке, төзімділікке, адалдық пен мейірімділікке жетелейтін өмірлік жол ретінде қабылданды.

*М. Көпейұлы танымындағы қажылық және оның әлеуметтік-ұлттық өлшемі*

Қазақ даласында қажылық сапар XIX ғасырдың орта кезінде жиі кездесетін құбылысқа айналды. Зерттеушілер оның басты себептерін, Ресей империясының құрамында болған аймақ-

тарда модернизация үдерісінің жүруімен, жол инфрақұрылымының кеңеюі, ресми құжаттардың пайда болуы сынды себептермен түсіндіріп келді. Дегенмен, ғылыми ортада қажылық қозғалысын Ресейдің отар елдеріне жасаған мүмкіндіктерінен қарағанда құрамындағы мүсылман халықтарын бақылауда ұстау механизмі ретінде қарастыру кеңінен талқылауға айналды (Campbell, 2014).

Осы тұрғыда архивтік материалдарда қажылық көбіне әкімшілік реттеу нысаны ретінде сипатталады. Дала өлкесі мүсылмандарының қажылыққа бару тәртібін, уақыт жағынан ұйымдастырылуын және империялық әкімшіліктің реттеу тетіктерін нақты құжаттар арқылы қадағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, 1897 жылдың басында Мекке мен Мәдинаға қажылыққа бару үшін төлқұжат беруге тыйым салынды (ҚРОММ, Ф.64, Оп.1, Д.2205). Империялық биліктің қажылықты еркін діни акт емес, басқарылатын әлеуметтік қозғалыс ретінде көрсетеді. Ал, қазақ қоғамындағы қажылықтың рухани және әлеуметтік маңызын түсіну үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалдырған мәліметтері ерекше маңызды. Оның өлеңдерінен халық жандындағы тәжірибені, далалық қазақ қоғамын түсінуге, әлеуметтік беделін ашуға мүмкіндік бар.

Мәшһүр Жүсіп келтірген деректерге сүйенсек, қазақтар арасында жаппай қажылыққа бару дәстүрі XIX ғасырдың екінші жартысына сәйкес келеді. Оның мәліметінде 1858 жылы уақ руынан Нүркен байы Меккеге алғаш қажылыққа аттанғандардың бірі болған. Ол тоқал әйелімен бірге барып, бесінші жылы елге оралады. Осы оқиғадан кейін қажылыққа бару үрдісі кеңейіп, Орта жүзден тобықты Құнанбай, айдабол Қишыл Қыстаубай, Есіл бойындағы құлан қыпшақ Шонтыбай, Батырқожа молданың балалары, Өр Алтайдан Алдажұманның немересі Ешмұхамет қажы сияқты тұлғалар сапар шеккен (Көпеев, 1993). Көпейұлы бұл мәліметтерді тікелей тілдескен адамдардың естеліктеріне сүйене отырып жазады, сондықтан деректің этнографиялық және тарихи құндылығы жоғары. Сонымен қатар, ол Кіші жүзден Нүрпейіс хазірет пен Досжан халфенің де қажылыққа барғанын атап өтеді. Көпейұлының байқауынша, қазақ халқы бұрын мұндай ұжымдық түрде, яғни ағайын-ру болып бас қосып қажылық сапарына шықпағанын айтады. Бұл мәліметтер арқылы ақын XIX ғасырдың екінші жартысындағы діни белсенділіктің артуын, сондай-ақ қажылықтың әлеумет-

тік және рухани мәртебе иелену процесін айқын көрсетеді. Осылайша, архивтік материалдарда қажылық көбіне империялық әкімшілік позициясынан, яғни қозғалысты бақылау нысаны ретінде көрініс табады. Ал, Көпейұлының еңбегінде, керісінше қажылар қоғамның рухани элитасы, өнеге иелері ретінде бейнеленеді. Ол олардың өмір жолын, ниетін, халық арасындағы беделін ашуға тырысады. Көпейұлының деректері ішкі қоғамдық жадының көрінісі деп қарастырсақ та болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиясында қажылық ресми діни рәсім ғана емес, адамның ішкі әлемімен тығыз байланысты, тазару мен өзін-өзі тану жолы ретінде сипатталады. Ақын қазақы дәстүрге тән образдар арқылы шынайы қажылық тек қасиетті мекендерге жетумен шектелмей, адамның өз нәпсісін жеңуін, рухани кемелдікке ұмтылуын қажет ететінін көрсетеді (Көпеев, 2013). Осы тұрғыда Меккеге сапар географиялық қозғалыс емес, тұлғаның ішкі өзгерісіне бастайтын моральдық сынақ ретінде қабылданады.

Көпейұлы үшін қажының елге оралуы тек «қажы» атағын иеленумен емес, жаңа рухани сапаға көтерілуімен өлшенеді. Ақын қажылықтан кейін де тәкаппарлыққа, дүниеқоңыздыққа немесе халыққа немқұрайлы қатынасқа қайта түскен адамдарды сынға алады. Оның ойынша, шынайы қажы жаңа киіммен емес, жаңа жүрекпен оралуы тиіс. Осы арқылы қажылықтың сыртқы формасына қарағанда ішкі мазмұны алдыңғы қатарға қойылады.

Ал рухани кемелдікке жету жолын ақын ең алдымен біліммен тікелей байланыстырады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы діни амалдың мазмұны мен мәні оны орындаушының білім деңгейімен айқындалатынын көрсетіп, надандыққа негізделген ғибадаттың рухани нәтиже бермейтінін сынға алады. Ақынның «*Не нәрсе парыз болса, ғылым парыз / Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз / Ғылымсыз қылған гамал – құр қиналу*» (Көпеев, 2013). деген тұжырымы исламдық дүниетанымдағы «ғылым – иманның тірегі» қағидасымен сабақтас келеді. Демек, қажылық та саналы түрде, рухани дайындықпен атқарылғанда ғана адамды кемелдікке жеткізеді. Бұл Көпейұлы танымында діннің формалдылықтан арылып, моральдық және әлеуметтік мазмұнға ие болуын білдіреді. Осылайша, ақын ілім мен ғибадатты біртұтас жүйе ретінде қарастырып, қазақ қоғамындағы діни сананың тереңдеуіне жол ашатын рухани бағдар ұсынады.

Сонымен қатар, Көпейұлы қажылықтың қазақ қоғамындағы әлеуметтік өлшемін де айқын көрсетеді. XIX ғасырда Меккеге сапар қомақты қаржыны талап еткендіктен, қажылық негізінен ауқатты топ өкілдеріне би, старшын, көпес, байларға қолжетімді болды. Осы себепті қажы тұлғасы тек діни мәртебе емес, әлеуметтік капиталға айналды. Қазақ ортасында «Қажы» атағы ел ішіндегі дауларды шешуге, кеңестерге қатысу, жергілікті істерге ықпал ету мүмкіндігін берді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында бай ұғымы тек мал-мүлік иесімен шектелмейді. Бай экономикалық орталық, әлеуметтік тірек әрі мәдени демеуші қызметін атқарған тұлға. Ол мешіт, медресе салдыруға, шәкірттерді оқытуға, жоқ-жітікке көмектесуге жауапты болды. Сондықтан байдың қажылық жасауы қоғамда ерекше перспектива туғызды. Халық қажыдан тек діни міндетті орындауды емес, әділдік пен жомарттықты, әлеуметтік жауапкершілікті күтті.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында экономикалық мүмкіндіктердің кеңеюі, жәрмеңкелердің дамуы және сауда қатынастарының өсуі байлар мен көпестердің жаңа әлеуметтік қабатын қалыптастырды (Kovalskaya et al., 2024). Бұл топтар қажылық арқылы өздерінің діни легитимациясын нығайтып, қоғамдағы беделін арттырды. Қажылық символдық капитал қызметін атқарып, адамның имандылығын ғана емес, оның қоғамдық орнын да айқындады. Қазақ даласында исламдық діни институттардың қалыптасуы мен дамуы тек Ресей империясының саясатына ғана емес, сонымен қатар жергілікті мұсылман элитасы мен көпестердің белсенді қызметіне де байланысты болды (Kabdylkhak, 2025). Сұлтандар, болыстар және ықпалды саудагерлер өздерінің әлеуметтік беделі мен экономикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, мешіттер мен медреселер салдырды, дін ғұламаларын шақырды және қажылықты ұйымдастыруға атсалысты. Олардың қамқорлығы тек қаржылай қолдаумен шектелмей, діни мекемелерді мемлекеттік қысымнан қорғауды, улемдердің қызметін заңдастыруды да қамтыды. Осылайша, жергілікті мұсылман элитасы қазақ даласында исламдық дәстүрлердің сақталуы мен жандануында шешуші рөл атқарып, діни институттардың дамуын жергілікті бастама мен империялық басқару тетіктерінің өзара ықпалы нәтижесі ретінде қалыптастырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэзиясында қажылықтың негізгі әлеуметтік орындаушысы ретінде қазақ байлары айқын көрінеді. Қажы-

лықтың үлкен материалдық шығынды талап етуі бұл парызды көбіне дәулетті адамдардың өтеуіне мүмкіндік берген. Ақынның «Байларға қиын екен – бармай қалу» (Көпеев, 2013) деуі байлықтың артықшылық қана емес, діни міндет жүктейтін жауапкершілік екенін аңғартады. Көпейұлы осы діни талапты поэзия тілімен жеткізіп, байды тек мал иесі емес, құдай алдындағы парызын орындауға тиіс қоғамдық тұлға ретінде бейнелейді. Себебі, ақын байлық та Құдайдың сыйы ретінде қабылдай отырып, оны халық игілігіне жұмсау моральдық міндет екенін ескертеді. Осы арқылы қажылық Көпейұлы дүниетанымында тек құлшылық емес, әлеуметтік жауапкершіліктің өлшеміне айналады.

Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында қажылық қазақ даласының рухани өмірімен қатар, әлеуметтік құрылымымен де тығыз байланыста көрсетті. Ақын қажылық арқылы байлық, иман және қоғамдық ойдың арасындағы күрделі қатынасты ашады. Қажы тұлғасы Көпейұлы поэзиясында тек діни кейіпкер емес, қазақ қоғамының моральдық айнасына айналып, адамның ішкі тазалығы мен әлеуметтік жауапкершілігі сипатталады.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында қажылық феномені тек шарифаттағы діни парыз ретінде ғана емес, күрделі әлеуметтік-рухани институт ретінде қалыптасқанын көрсетті. Ресей империясының отарлық саясаты жағдайында қажылық бір жағынан әкімшілік бақылау нысанына айналса, екінші жағынан қазақ қауымының ішкі рухани тұтастығын сақтаудың, әлеуметтік беделді бекітудің және мәдени сәйкестікті нығайтудың құралы қызметін атқарды. Қажы тұлғасы халық санасында әділдік пен моральдық тәртіптің кепілі ретінде қабылданып, бейресми көшбасшылық функцияға ие болды.

Зерттеу барысында халықтық діни таным мен исламдық түсініктің синтезі айқындалды. Қажылық қазақ ортасында тек Меккеге сапар емес, рухани тазару, қауым алдындағы жауапкершілік, әлеуметтік сенімге ие болу тетігі ретінде орнықты. Қажылыққа қатысты антропонимдер, салт-жоралғылар мен поэзиялық бейнелер ислам құндылықтарының қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен үйлескенін дәлелдейді. Осы тұрғыда қажылық ұжымдық жад пен ұлттық рухани мәдениеттің маңызды элементіне айналды.



Сонымен қатар, ақын қажылықтың әлеуметтік өлшемін терең ашады. XIX ғасырда қажылық негізінен бай-көпестерге қолжетімді болғандықтан, «қажы» атағы діни мәртебемен қатар әлеуметтік капиталға айналды. Байлардың қажылық жасауы олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, мешіт, медресе салу, халыққа қамқор болу секілді функцияларды күшейтті. Осы арқылы жергілікті мұсылман элитасы ислам институттарының дамуына шешуші ықпал етті.

Қорытындылай келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы танымындағы қажылық қазақ қоғамында рухани тәжірибе, әлеуметтік бедел және ұлттық сананы қалыптастыратын тұтас жүйе ретінде кө-

рініс табады. Қажылық Көпейұлы поэзиясында адамның ішкі тазалығы мен қоғамдық жауапкершілігін өлшейтін моральдық өлшемге айналып, қазақ даласындағы исламның әлеуметтік-ұлттық сипатын айқындайды. Бұл зерттеу XIX ғасыр соңындағы қазақ қоғамындағы діни сананы жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді.

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған. AP23489355 – «Қоғамдық тарих әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихындағы танымал әңгімелерді жаңғырту»

#### Әдебиеттер

- Allen J. Frank. (2013). Sufis, Scholars, and Divanas of the Qazaq Middle Horde in the Works of Mäshhür Zhüsip Köpeyulı. In: *Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th–early 20th centuries)*. Wien, 213–232.
- Bourdieu P. (2011) The forms of capital. (1986) // *Cultural theory: An anthology*. №. 81-93. – С. 949.
- Алпысбес М. (2004). Шежіредегі тарихи-этнографиялық мәселелер: Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қазақ этногенезі туралы дерек көздері. *ҚазҰУ хабаршысы*, № 10, 121–123.
- Әуезов М. (1961). Қорытынды сөз. Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 347–365.
- Ғабдуллин М. (1953). Діншіл, ұлтшыл ақын М. Көпеев туралы. *Социалистік Қазақстан*, сәуір, 26.
- Ғылмани С. (2015). Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. Алматы: Дайк-Пресс, 148 б.
- Искакова Г. З., Телеуова Ә. Т. (2025). Қазақ қоғамы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары призмасы арқылы. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, № 3(415), 118–132. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.955>
- Kabdylkhak N. (2025). Sultans, Merchants, and the Issue of Islamic Patronage on the Kazakh Steppe (1820s–1850s). *Religions*, 16(8), 1030.
- Kovalskaya S., Nurbayev Z., Kishibayeva S. (2024). The Transformation of the Institute of Bais in the Conditions of Modernization Processes of the 19th–early 20th Centuries. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*, 147(2), 77–98.
- Көпеев М. Ж. (1993). Қазақ шежіресі. Алматы, 98 б.
- Кенжебаев Б. (1976). Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858–1931). Алматы: Мектеп, 63–64.
- Күдерінова Қ., Жүбаева О., Жолшаева М. және т.б. (2007). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. Алматы: Арыс, 726 б.
- Campbell E. I. (2014). The “Pilgrim Question”: Regulating the Hajj in Late Imperial Russia. *Canadian Slavonic Papers*, 56(3–4), 239–268.
- Қоңыратбаев Ә. (1959). Мәшһүр Жүсіп Көпеев лирикасы. Қазақ әдебиеті, шілде, 19.
- ҚРОММ. Ф. 64. Оп. 1. Д. 2205. 10 л.
- ҚРОММ. Ф. 64. Оп. 1. Кн. 1. Д. 1006. 61 л.
- Литвинов В. П. (2019). Исторический опыт Российского государства в организации и регулировании паломничества мусульман Средней Азии (1865–1917 гг.). Автореф. дисс. ... докт. ист. наук. Москва, 44 с.
- Мәшһүр Ж. Қ. (2001). Суреткер ақын. Мәшһүр-Жүсіп оқулары. Павлодар, 10–20.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. (2013). Шығармалары. 20 томдық. I том. Павлодар: ЭКО, 37.
- Мухтарова Г. Р. (2007). Влияние суфиев на историю паломничества в Казахстане. In: *Суфизм в Иране и Центральной Азии*. Алматы: Дайк-Пресс, 261–265.
- Нуртазина Н., Картабаева Е., Дауытбекова М. (2025). Наследие казахских ишанов и святых целителей: новые подходы и перспективы изучения. *Asian Journal “Steppe Panorama”*, 11(3), 541–557. [https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2024\\_11\\_3\\_541-557](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_3_541-557)
- Нуртазина Н. Путешествие в Мекку (из истории казахского хаджа). Электронный ресурс: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/481>
- Нуртазина Н. Д. (2008). Народы Туркестана: проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX–XX вв. Алматы: Қазақ университеті, 6 б.

Об определении мулл и прочих духовных чинов мусульманского закона и об учреждении в Уфе духовного собрания для заведования всеми духовными чинами того закона, в России пребывающими : указ № 16710 // Полное собрание законов Российской империи. – Собр. 1. – Т. 22. – 1832. – С. 1107. – URL: <https://constitutions.ru/?p=3151> (дата обращения: 20.09.2025).

Шағырбаев А. Д. (2018). Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 223 б.

Weber M. (1978.) *Economy and Society: An Outline of Interpretive Sociology*. Vol. 2 / ed. by G. Roth and C. Wittich. – Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, – 1469 p.

## References

Allen J. Frank. (2013). Sufis, Scholars, and Divanas of the Qazaq Middle Horde in the Works of Mäshhür Zhüsip Köpeyüli. In: *Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th–early 20th centuries)*. Wien, 213–232.

Bourdieu P. (2011) *The forms of capital*. (1986) // *Cultural theory: An anthology*. – 2011. – Т. 1. – №. 81-93. – С. 949.

Alpysbes, M. (2004). Shezhiredegi tarihy-etnografialyq maseleler: Mashhur Zhusip zhazbalyryndagy qazaq etnogenezi turaly derek kozderi [Historical and ethnographic issues in genealogies: Sources on Kazakh ethnogenesis in the writings of Mashhur Zhusip]. *QazUU khabarshysy*, No. 10, 121–123. (In Kazakh)

Auevov, M. (1961). Qorytyndy soz [Concluding remarks]. In *Adebi mura zhāne ony zertteu: Qazaq adebietinin negizgi problemalaryna amalghan gylymi-teoriyalıq konferentsiya materialdary* (pp. 347–365). Almaty. (In Kazakh)

Gabdullin, M. (1953). Dinshil, ulttyqshyl aqyn M. Kopeev turaly [On the religious-nationalist poet M. Kopeev]. *Sotsialistik Qazaqstan*, April 26. (In Kazakh)

Gylmani, S. (2015). *Zamanamyzda bolghan gulamalaryn gımyr tarihtary* [Biographies of scholars of our time]. Almaty: Daik-Press. (In Kazakh)

Iskakova, G. Z., & Teleuova, E. T. (2025). Qazaq qogamy Mäshhür Zhusip Kopeev shyğarmalary prizması arqyly [Kazakh society through the prism of Mashhur Zhusip Kopeev's works]. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, No. 3(415), 118–132. <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.955> (In Kazakh)

Kabdylkhak, N. (2025). Sultans, merchants, and the issue of Islamic patronage on the Kazakh Steppe (1820s–1850s). *Religions*, 16(8), 1030.

Kovalskaya, S., Nurbayev, Z., & Kishibayeva, S. (2024). The transformation of the institute of bais in the conditions of modernization processes of the 19th–early 20th centuries. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*, 147(2), 77–98.

Kopeev, M. Zh. (1993). *Qazaq shezhiresi* [Kazakh genealogy]. Almaty. (In Kazakh)

Kenzhebaev, B. (1976). *Mäshhür Zhusip Kopeev (1858–1931)*. Almaty: Mektep. (In Kazakh)

Kuderinova, Q., Zhubayeva, O., Zholshayeva, M., et al. (2007). *Qazaq ädebi tiliniñ sozdigi. On bes tomdyq. 8-tom* [Dictionary of the Kazakh literary language. 15 vols. Vol. 8]. Almaty: Arys. (In Kazakh)

Campbell, E. I. (2014). The “Pilgrim Question”: Regulating the Hajj in late imperial Russia. *Canadian Slavonic Papers*, 56(3–4), 239–268.

Qonyraıbaev, A. (1959). Mashhur Zhusip Kopeev lirikasy [Lyrics of Mashhur Zhusip Kopeev]. *Qazaq ädebieti*, July 19. (In Kazakh)

QROMM. Fond 64, Opis 1, Delo 2205, 10 folios. (In Russian)

QROMM. Fond 64, Opis 1, Kniga 1, Delo 1006, 61 folios. (In Russian)

Litvinov, V. P. (2019). *Istoricheskii opyt Rossiiskogo gosudarstva v organizatsii i regulirovanii palomnichestva musul'man Srednei Azii (1865–1917 gg.)* [Historical experience of the Russian state in organizing and regulating Muslim pilgrimage in Central Asia]. Doctoral dissertation abstract. Moscow. (In Russian)

Mashhur, Zh. Q. (2001). Suretker aqyn [The artist poet]. In *Mäshhür-Zhusip oqulary* (pp. 10–20). Pavlodar. (In Kazakh)

Mashhur Zhusip Kopeuly. (2013). *Shygarmalary. 20 tomdyq. I tom* [Collected works. Vol. 1]. Pavlodar: EKO. (In Kazakh)

Mukhtarova, G. R. (2007). Vliyanie sufiev na istoriyu palomnichestva v Kazakhstane [Influence of Sufis on the history of pilgrimage in Kazakhstan]. In *Sufizm v Irane i Tsentral'noi Azii* (pp. 261–265). Almaty: Daik-Press. (In Russian)

Nurtazina, N., Kartabaeva, E., & Dauytbekova, M. (2025). Nasledie kazakhskikh ishanov i svyatykh tselitelei: novye podkhody i perspektivy izucheniya [Heritage of Kazakh ishans and saint healers]. *Asian Journal “Steppe Panorama”*, 11(3), 541–557. [https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2024\\_11\\_3\\_541-557](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_3_541-557) (In Russian)

Nurtazina, N. *Puteshestvie v Mekku (iz istorii kazakhskogo khadzha)* [Journey to Mecca: From the history of Kazakh hajj]. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/481> (In Russian)

Nurtazina, N. D. (2008). *Narody Turkestana: problemy islama, integratsii, modernizatsii i dekolonizatsii na rubezhe XIX–XX vv.* [Peoples of Turkestan: Islam, integration, modernization and decolonization]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Russian)

Ob opredelenii mull i prochikh dukhovnykh chinov musul'manskogo zakona... (1832). *On the appointment of mullahs and the establishment of the Ufa Muslim Spiritual Assembly [Decree No. 16710]. Polnoe sobranie zakonov Rossiiskoi imperii, Series 1, Vol. 22, 1107.* <https://constitutions.ru/?p=3151> (In Russian)

Shagyrbayev, A. D. (2018). Mashhur Zhusip Kopeulyndyng dini kozqarasy [Religious views of Mashhur Zhusip Kopeuly]. Almaty: Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies. (In Kazakh)

Weber M. (1978.) *Economy and Society: An Outline of Interpretive Sociology*. Vol. 2 / ed. by G. Roth and C. Wittich. – Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, – 1469 p.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Қабдолдина Керім Қуанышқызы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ. Қазақстан, e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com ).

**Information about author:**

Kabdoldina Kerim Kuanyshkyzy – is a senior lecturer at the Department of History of Kazakhstan, Faculty of History, al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com).

**Сведения об авторах:**

Қабдолдина Керим Қуанышқызы – старший преподаватель кафедры истории Казахстана исторического факультета КазНУ имени аль-Фараби (г. Алматы, Республика Казахстан, e-mail: kabdoldinakerim8@gmail.com).

Келіп түсті: 30.11.2025

Қабылданды: 19.02.2026